

"Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-242/2020 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 27 қазандағы № 157 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 30 қазанда № 33585 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-242/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21744 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 7-бабының 62) тармақшасына және "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 34-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымшамен бекітілген тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) бірлесіп орындаушы – ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің дерекқорына (бұдан әрі – дерекқор) енгізілген, жасасқан көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты бойынша қызметтер берушінің міндеттемелерінің бір бөлігін орындау үшін бірлесіп орындау шартын қызметтер беруші жасасқан денсаулық сақтау субъектісі;

2) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау, медицина және

фармацевтика ғылымы, медициналық және фармацевтикалық білім беру, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, медициналық қызметтер (көмек) көрсетудің сапасын саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

3) денсаулық сақтау субъектілері – денсаулық сақтау ұйымдары, сондай-ақ жеке медициналық практикамен және фармацевтикалық қызметпен айналысатын жеке тұлғалар;

4) денсаулық сақтау ұйымы – денсаулық сақтау саласында қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

5) дерекқор – "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерін есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 6 қарашадағы № ҚР ДСМ-186/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21619 болып тіркелген) (бұдан әрі – Есепке алу қағидалары) сәйкес қалыптастырылатын ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық қызметтер көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің тізбесі;

6) жаңадан іске қосылған денсаулық сақтау объектісі – "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес алғаш рет пайдалануға қабылданған жаңадан салу арқылы немесе қолданыстағы объектіні өзгерту арқылы алғаш рет ашылған объект;

7) жоғары технологиялық медициналық көрсетілетін қызмет – диагностика мен емдеудің инновациялық, ресурсты қажет ететін және (немесе) бірегей әдістерін пайдалануды талап ететін аурулар кезінде бейінді мамандар көрсететін қызмет;

8) қор – аударымдар мен жарналарды шоғырландыруды жүргізетін, сондай-ақ медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтерін медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартында көзделген көлемдерде және талаптармен сатып алу мен оларға ақы төлеуді және Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйым;

9) қордың активтері – қордың қызметін қамтамасыз етуге арналған комиссиялық сыйақыны шегергендегі аударымдар және жарналар, аударымдарды және (немесе) жарналарды төлеу мерзімі өтіп кеткендігі үшін алынған өсімпұл, инвестициялық кіріс, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған, қорға түсетін өзге де түсімдер;

10) қордың күтпеген шығыстарға арналған резервтері – ай сайынғы негізде қалыптастырылатын жабу кезеңінде күтпеген шығыстарды қаржыландыру үшін қордың ағымдағы қаржы жылына көзделген қаражаты;

11) қордың филиалы – қордың тұрған жерінен тыс орналасқан және оның функцияларының бәрін немесе бір бөлігін, оның ішінде өкілдік функцияларын жүзеге асыратын оқшауланған бөлімшесі;

12) көрсетілетін қызметтерді денсаулық сақтау субъектілерінен сатып алу веб-порталы (Қағидаларға қатысты) – ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтерді денсаулық сақтау субъектілерінен сатып алудың электрондық көрсетілетін қызметтеріне бірыңғай қол жеткізу нүктесін беретін ақпараттық жүйе (бұдан әрі – веб-портал);

13) құжаттың электрондық көшірмесі – құжаттың түпнұсқа түрін және ақпаратын (деректерін) электрондық-цифрлық нысанда толығымен көрсететін құжат;

14) қызметтер беруші – қор немесе бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері осы Қағидаларға сәйкес көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын жасасқан денсаулық сақтау субъектісі;

15) МӘМС жүйесіндегі медициналық көмек – қордың активтері есебінен медициналық көрсетілетін қызметтер тұтынушыларға ұсынылатын медициналық көмек көлемі;

16) медициналық ақпараттық жүйе – денсаулық сақтау субъектілерінің процестерін электрондық форматта жүргізуді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе;

17) медициналық көмек – дәрілік қамтамасыз етуді қоса алғанда, халықтың денсаулығын сақтауға және қалпына келтіруге бағытталған медициналық көрсетілетін қызметтер кешені;

18) медициналық көмектің сапасы – көрсетілетін медициналық көмектің медициналық көмек көрсету стандарттарына сәйкестік деңгейі;

19) медициналық көрсетілетін қызметтер – денсаулық сақтау субъектілерінің нақты адамға қатысты профилактикалық, диагностикалық, емдеу, оңалту немесе паллиативтік бағыты бар іс-қимылдары;

20) медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласындағы мемлекеттік орган – медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласында басшылықты, медициналық көрсетілетін қызметтердің (көмектің) сапасын бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

21) медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектісі (бұдан әрі – МСАК субъектісі) – "Бекітілген халық тіркелімі" (бұдан әрі – БХТ) порталында тіркелген бекітілген халыққа ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектісі;

22) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты – мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асыру шеңберінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты тараптарының құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының өзге де талаптары айқындалатын жазбаша келісім;

23) өндірістік база – Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес берілген лицензияға қосымшаға сәйкес медициналық қызметтер көрсету орны;

24) республикалық денсаулық сақтау ұйымдары – уәкілетті органның қарамағындағы денсаулық сақтау ұйымдары, денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдар, дербес білім беру ұйымының денсаулық сақтау ұйымдары, медициналық білім беру ұйымдары;

25) тәуелсіз сарапшы – уәкілетті орган айқындайтын талаптарға сәйкес келетін және тәуелсіз сарапшылар тізілімінде тұрған жеке тұлға;

26) ТМККК қосымша қамтамасыз ету бойынша қызметтерді сатып алу шарты (бұдан әрі – көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты) – ТМККК шеңберінде медициналық көмек көрсетуді көздейтін, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мен денсаулық сақтау субъектісі арасындағы жазбаша нысандағы келісім;

27) ТМККК шеңберінде немесе МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты (бұдан әрі – көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты) – ТМККК шеңберінде немесе МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуді көздейтін, қор мен денсаулық сақтау субъектісі арасындағы жазбаша нысандағы келісім;

28) цифрлық денсаулық сақтау субъектісі (Қағидаларға қатысты) – денсаулық сақтау субъектілерімен ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмысты қоса алғанда, денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйелерін ақпараттық-техникалық сүйемелдеу бөлігінде қызметті жүзеге асыратын немесе қоғамдық қатынастарға түсетін заңды тұлға;

29) электрондық құжат – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда берілген және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

30) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.";

4-тармақ алып тасталсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу мынадай:

1) ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтердің көлемдерін жоспарлау;

2) ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде қызметтер көрсету үшін көрсетілетін қызметтер көлемін және (немесе) қаражат көлемін бөле және орналастыра отырып денсаулық сақтау субъектілерін таңдау;

3) көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын жасасу;

4) көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын орындау кезеңдерінен тұрады.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық қызметтер көлемін жоспарлау "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемін жоспарлау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-290/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21844 болып тіркелген) сәйкес жасалады.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Комиссияның құрамы қордың немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шешімімен өкілдер қатарынан қалыптастырылады:

1) қордың;

2) қордың республикалық комиссиясының құрамына енгізу үшін уәкілетті органның;

3) бюджеттік бағдарламалар әкімшісі немесе өңірлік комиссияның жанындағы комиссияның құрамына енгізу үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының (бұдан әрі – денсаулық сақтау басқармасы);

4) "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының (бұдан әрі – "Атамекен" ҰКП) және (немесе) пациенттердің, денсаулық сақтау субъектілерінің немесе медицина қызметкерлерінің мүдделерін білдіретін үкіметтік емес ұйымдардың (бұдан әрі – ҮЕҰ);

5) өңірлік комиссияның және бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі жанындағы комиссияның құрамына енгізу үшін медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесінің;

6) сандық денсаулық сақтау субъектісінің;

7) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның.

Кандидатуралар ресми хат арқылы жазбаша түрде комиссия құрамын қалыптастыру үшін сұрау салу келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ұсынылады.

Кандидаттар қорға жазбаша түрде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша денсаулық сақтау субъектілерін таңдау және ТМККК шеңберінде және (

немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтер көлемдерін орналастыру жөніндегі комиссияның құрамына енгізу үшін кандидаттың жақын туыстары, жұбайы және жекжаты (жекжаттары) туралы мәліметтерді ұсынады."

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Қордың лауазымды адамы қор жанындағы республикалық комиссияның төрағасы болып табылады, қор жанындағы республикалық комиссия төрағасының орынбасары лауазымы құрылымдық бөлімше басшысының орынбасарынан төмен емес уәкілетті органның өкілі болып табылады.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің жанындағы комиссия үшін бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің лауазымды адамдары төраға және төрағаның орынбасары болып табылады.

Қор жанындағы өңірлік комиссияның төрағасы болып қор филиалының директорынан немесе қордың құрылымдық бөлімшесінің басшысынан төмен емес қордың өкілі айқындалады.

Қор жанындағы өңірлік комиссия төрағасының орынбасары болып лауазымы денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасарынан төмен емес денсаулық сақтау басқармасының өкілі айқындалады.

Комиссия төрағасы комиссияның қызметін басқарады, оның жұмысын жоспарлайды.

Төраға болмаған уақытта оның функцияларын комиссия төрағасының орынбасары жүзеге асырады.";

16, 17,18,19-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Комиссия мүшесі комиссия жұмысына қатарынан үш реттен артық қатыспаған кезде, қор немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісі тиісті өкілдікке кандидатурамен ауыстыру туралы ұсыныс енгізеді.

17. Осы Қағидалардың 19-тармағының 11) тармақшасында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтер көлемдерін және (немесе) қаражат көлемдерін орналастыру үшін денсаулық сақтау субъектілерін таңдау Есепке алу қағидаларына сәйкес дерекқорға енгізілген денсаулық сақтау субъектілері арасында жүзеге асырылады.

18. Қағаз нысанында өткізілетін бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі жүзеге асыратын ТМККК-мен қосымша қамтамасыз ету қызметтерін сатып алуды қоспағанда, денсаулық сақтау субъектілерін таңдау және ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтер көлемін орналастыру веб-портал арқылы жүзеге асырылады.

19. ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге қызметтердің көлемі және (немесе) қаражаттың көлемі мынадай жағдайларда медициналық қызметтерді сатып алу жоспары шеңберінде келген жағдайда денсаулық сақтау субъектілерін таңдау рәсімін өткізбей:

1) қызметтерді сатып алу шарттары жасалған денсаулық сақтау субъектілері арасында орналастыру кезінде "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде ұсынылатын медициналық қызметтерге тарифтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-170/2020 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21550 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-170/2020 бұйрығы) бұйрығына сәйкес бекітілген ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде ұсынылатын медициналық көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтердің өзгеруі;

2) уәкілетті органның немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша пилоттық жобалар іске асырылуы;

3) МСАК қызметтерін, "Скринингтік зерттеулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ осы қарап-тексерулерді өткізудің қағидаларын, көлемі мен кезеңділігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-174/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21572 болып тіркелген) сәйкес халықтың нысаналы топтарын скринингтік зерттеулер мен профилактикалық медициналық қарап-тексерулер жүргізу кезіндегі көрсетілетін қызметтерін және олардың қаражат көлемін орналастыру бекітілген халыққа есептегенде жүзеге асырылатын, консультациялық-диагностикалық көмек, оның ішінде бөлінбеген көлемдер мен қаражат болған кезде денсаулық сақтау басқармасының шешімі негізінде МСАК субъектісіне бекітілген болған жағдайда оқушыларға көрсетілетін қызметтерін көрсету кезде денсаулық сақтау басқармасының бұйрығының халыққа қызмет көрсету аумағын бөлу туралы негізінде жаңадан іске қосылған денсаулық сақтау объектісі бар және денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілердің нормаларына сәйкес келетін МСАК субъектісі көрсетілетін қызметтерді сатып алуға қатысуы;

4) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес оның міндеттемелерінің деректер базасына енгізілген денсаулық сақтау субъектісіне құқықтық мирасқорлығы кезінде қызметтер берушіні қайта ұйымдастыруы;

5) МСАК қызметтер берушісіне бекітілген халық саны өскенде және (немесе) бекітілген халықтың жыныстық-жастық құрылымының өзгеруі, оның ішінде медициналық ұйымды еркін таңдау құқығы бойынша МСАК жан басына шаққандағы норматив бойынша төленетін медициналық көмек көрсету кезінде;

6) денсаулық сақтау басқармасының шешімі негізінде МСАК қызметтер берушіге бекітілген оқушылардың саны мен қызмет көрсетуге арналған қаражат көлемінің өзгеруі;

7) кешенді тариф бойынша төленетін медициналық көмек көрсету кезінде пациенттер саны ұлғайғанда немесе жан басына шаққандағы норматив бойынша төленетін медициналық көмек көрсету кезінде халық санының ұлғаюы;

8) кешенді жан басына шаққандағы нормативке кіретін көрсетілетін қызметтердің немесе қаражаттың, сондай-ақ орналастырылуы кешенді тариф бойынша немесе жан басына шаққандағы норматив бойынша халық санына шаққанда жүзеге асырылатын медициналық көмек көрсету кезінде нақты шығындар бойынша төленетін көрсетілетін қызметтер мен шығыстардың көлемінің ұлғаюы;

9) "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы Заң) сәйкес ауылдық елді мекенге жататын ақы төлеу кешенді жан басына шаққандағы норматив бойынша жүзеге асырылатын қызметтер берушімен халыққа көрсететін стационарлық және (немесе) стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмекке медициналық қызметтерді сатып алу жоспарында көрсетілетін қаражат көлемінің ұлғаюы;

10) Қазақстан Республикасының азаматтарына шетелге емдеуге медициналық көмек көрсетуге және (немесе) ТМККК шеңберінде отандық медициналық ұйымдарда емдеу жүргізу үшін шетелдік мамандарды тартуға арналған "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде Қазақстан Республикасының азаматтарын шетелге емделуге жіберу және (немесе) емдеуді отандық медициналық ұйымдарда жүргізу үшін шетелдік мамандарды тарту қағидаларын әзірлеуді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 26 мамырдағы № ҚР ДСМ-45 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22866 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылатын көрсетілетін қызметтерді сатып алуы;

11) Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 31 мамырдағы Заңымен ратификацияланған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Байқоңыр ғарыш айлағының персоналына, Байқоңыр қаласының, Төретам және Ақай кенттерінің тұрғындарына Ресей Федерациясының "Байқоңыр" кешенін жалға алу жағдайында медициналық қызмет көрсету тәртібі туралы келісімге сәйкес Байқоңыр қаласында, Төретам және Ақай кенттерінде тұратын, "Байқоңыр" кешенінің ресейлік ұйымдарының қызметкерлері болып табылмайтын, сондай-ақ "Байқоңыр" кешенінің аумағында уақытша болатын Қазақстан Республикасының азаматтарына Ресей Федерациясының федералдық медициналық ұйымдарының қызметтерін көрсетуі;

12) қордың күтпеген шығыстарға арналған резервті есебінен денсаулық сақтау субъектілерінің қызметтер көрсетуі;

13) төтенше жағдай кезеңінде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде қызметтер көрсетуі;

14) жергілікті өкілді органның шешімі бойынша қор осы шарттарды жасасқан мемлекеттік кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысанындағы денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтерін сатып алу шартының сомасынан көрсетілген шығыстарға қажеттілік асып кеткенде, тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құнын төлеуге арналған шығыстарды облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті бюджет қаражатынан өтеуі;

15) орталық атқарушы органдардың және өзге де орталық мемлекеттік органдардың және олардың аумақтық бөлімшелерінің әскери-медициналық (медициналық) бөлімшелерінің, сондай-ақ әскери-медициналық (медициналық) қамтамасыз етуді жүзеге асыратын әскери-медициналық (медициналық) мекемелерінің (ұйымдарының), өзге де бөлімшелерінің Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 27 сәуірдегі № ҚР ДСМ-37 бұйрығымен бекітілген Амбулаториялық жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмек көрсету қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27833 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-37 бұйрық) сәйкес амбулаториялық жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмек көрсетуі;

16) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 16 қазандағы № 672 қаулысымен бекітілген тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі тізбесіне және (немесе) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 421 қаулысымен бекітілген МӘМС жүйесіндегі медициналық көмек тізбесіне өзгерістер немесе толықтырулар енгізу кезінде. Бұл ретте жоғарыда көрсетілген тізбелердің өзгеруіне байланысты қызметтердің босатылған көлемін орналастыру сол денсаулық сақтау субъектілеріне босатылған қаражаттан аспайтын көлемде жүзеге асырылады;

17) бекітілген қала халқының санына шаққанда денсаулық сақтау басқармасы бекіткен МСАК субъектілерінің тізбесіне сәйкес ірілендіруге жататын МСАК субъектілеріне қаражат көлемдерін орналастыруы;

18) денсаулық сақтау басқармасының шешімі бойынша МСАК қызметтер берушісінің қызмет көрсету аумағын қайта бөлуіне байланысты МСАК қызметтерін берушінің бекітілген халқы санының ұлғаюы;

19) көрсетілген қызметтерді қызметтер берушілердің арасында орналастыру кезінде қанды және оның компоненттерін дайындау, өңдеу, сақтау және өткізу, қан препараттарын өндіру бойынша көрсетілетін қызметтер көлемін және (немесе) қаражат көлемінің ұлғаюы;

20) денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілердің нормаларына сәйкес болған жағдайда Әкімшілік-аумақтық құрылыс туралы заңға сәйкес әкімшілік-аумақтық құрылыс өзгеруі кезінде орналастырылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3), 11), 15), 16) және 17) тармақшаларда көзделген жағдайлар бойынша көрсетілетін қызметтер көлемі және (немесе) қаражат көлемі комиссия шешімінің негізінде орналастырылады, ал осы тармақтың бірінші бөлігінің 1)

, 2), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 12), 13), 18), 19) және 20) тармақшаларында көрсетілген жағдайлар бойынша ТМҚҚК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге арналған қызметтер көлемі және (немесе) қаражат көлемі, ТМҚҚК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге көрсетілетін қызметтер көлемдерін орналастыру (азайту) қорытындылары туралы қорытындылар хаттамасының негізінде денсаулық сақтау субъектілерін таңдау рәсімін жүргізбей, көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттарын немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартына қосымша келісім жасасу түрінде осы Қағидаларға 1-1-қосымшаға сәйкес орналастырылады (бұдан әрі – таңдау рәсімінсіз орналастыру қорытындылары туралы хаттама).

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Алдағы қаржы жылына арналған дерекқордан ТМҚҚК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтер көлемін және (немесе) қаражат көлемін (бұдан әрі – көрсетілетін қызметтер көлемі) орналастыру үшін денсаулық сақтау субъектілерін таңдау жыл сайын жүргізіледі және мынадай дәйекті кезеңдердің жиынтығын білдіреді:

1) бірінші кезеңде мынадай іс-шаралар жүзеге асырылады:

бекіту науқаны қорытындылары бойынша денсаулық сақтау субъектілерді таңдау рәсіміне жіберілетін (жіберілмейтін) МСАК субъектілерін өңірлік комиссиямен айқындау (МСАК қызметтерін сатып алу кезінде);

дерекқорға енгізілген денсаулық сақтау субъектілері арасында ТМҚҚК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтер көлемдерін орналастыру рәсімін өткізу туралы хабарландыру арқылы хабарлау;

денсаулық сақтау субъектілерімен осы Қағидалардың 27-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып мәлімделген кезеңге, ТМҚҚК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша қызметтердің жоспарланған көлеміне өтінім (бұдан әрі – жоспарланған көлемдерге өтінім) беру;

комиссиямен жоспарланған көлемдерге өтінімдерінің МӘМС туралы Заңның 34-бабының 3-тармағында (МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтерге өтінім берген кезде) көрсетілген талаптарға, ТМҚҚК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтер көлемдерін орналастыру рәсіміне рұқсат беру үшін қойылатын осы Қағидалардың 26, 27, 28, 33, 34 және 37-тармақтарында көрсетілген талаптарға және Кодексте және денсаулық сақтау саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерде белгіленген медициналық көмекті көрсетуді ұйымдастыру талаптарына (бұдан әрі – көлемдерді орналастыруға рұқсат беру үшін талаптар) сәйкестігін қарау;

денсаулық сақтау субъектілерін таңдау және көлемдерді орналастыруға рұқсат беру үшін қойылатын талаптарға денсаулық сақтау субъектілердің сәйкестігі (сәйкес келмеуі) хаттамасына қол қою;

көлемдерді орналастыруға рұқсат беру талаптарына сәйкес келтірілген жоспарланған көлемдерге өтінімдерді қайта қабылдау және тіркеу;

комиссиямен денсаулық сақтау субъектілері ұсынған өтінімдерді қайта қабылдағаннан кейін қарау және ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтердің көлемін орналастыру рәсіміне рұқсат беру;

2) екінші кезеңде мынадай іс-шаралар жүзеге асырылады:

көрсетілетін қызметтер көлемдерін орналастыру және ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге қызметтер көлемдерін орналастыру (орналастырмау) қорытындылары туралы хаттамаға қол қою;

ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге қызметтер көлемдерін орналастыру (орналастырмау) қорытындылары туралы хаттама негізінде денсаулық сақтау субъектілерімен көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттарын жасасу;

көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарттың орындалуы.";

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"МСАК субъектілеріне бекітілген халықтың санын көрсете отырып аумақты бөлу туралы денсаулық сақтау басқармасының шешімін, Бекіту қағидаларына сәйкес балалар үйлерінде, интернаттарда, балаларға арналған мамандандырылған ұйымдарда тұратын балаларды, сондай-ақ медициналық-әлеуметтік ұйымдарда тұратын адамдарды және қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын тұлғаларды бөлу туралы денсаулық сақтау басқармасының шешімін ескере отырып, қабылданған бекіту науқанының қорытындылары бойынша әрбір МСАК субъектісіне БХТ порталында бекітілген халықтың саны туралы цифрлық денсаулық сақтау субъектісі растаған деректер негізінде қордың өңірлік комиссиясы бекіту науқаны аяқталған күннен бастап он жұмыс күні ішінде денсаулық сақтау субъектілерін таңдау рәсіміне жіберілетін (жіберілмейтін) МСАК субъектілерінің тізбесін айқындайды және осы Қағидаларға 1-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша халықты медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілеріне бекіту науқанын өткізу қорытындылары туралы хаттама (бұдан әрі – бекіту науқаны қорытындыларының хаттамасы) түрінде шешім қабылдайды.

Денсаулық сақтау субъектілерін таңдау рәсіміне:

1) "Денсаулық сақтау ұйымдары желісінің мемлекеттік нормативін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ - 133/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21452 болып тіркелген) сәйкес аудандық немесе қалалық деңгейде заңдық дербес дәрігерлік амбулатория ұйымдастыру үшін айқындалған санынан кем емес халқы бар МСАК субъектілері;

2) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте (ауыл, кент) МСАК қызметтерін көрсететін жалғыз денсаулық сақтау субъектісі болып табылатын МСАК субъектілерін қоспағанда

, "Қазақстан Республикасында медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 30 наурыздағы №49 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32160 болып тіркелген) сәйкес ТМККК шеңберінде МСАК қызметтерін көрсету тәжірибесі бір жылдан асатын жалпы практика дәрігерінің/отбасылық дәрігердің кемінде екі учаскесі (жиынтығында кемінде 3000 адам) тіркелген халқы бар МСАК субъектілері жіберіледі.

Тіркеу науқаны қорытындыларының хаттамасында көрсетілген МСАК субъектілеріне веб-порталда үзінді көшірме оған қол қойылған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жіберіледі.";

26, 27-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Денсаулық сақтау субъектілері, оның ішінде бекіту науқаны қорытындыларының хаттамасымен денсаулық сақтау субъектілерін таңдау рәсіміне жіберілген МСАК субъектілері және осы Қағидалардың 19-тармағы бірінші бөлігінің 3) және 15) тармақшаларында көрсетілген денсаулық сақтау субъектілері, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық қызметтерді көрсету бойынша қызметтердің жоспарланған көлеміне өтінімді қағаз немесе веб-портал арқылы электрондық нысанда береді:

1) "Е-лицензиялау" мемлекеттік деректер қоры" (бұдан әрі – "Е-лицензиялау" МДҚ) ақпараттық жүйесінде тіркелген, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Рұқсаттар және хабарламалар туралы заң) сәйкес медициналық қызметке лицензиясының және оған денсаулық сақтау субъектісінің өндірістік базасының (-ларының) орналасқан жері бойынша жоспарланған көлемдерге өтінім берілген медициналық қызметтер көрсету құқығын растайтын қосымшалардың (бұдан әрі – медициналық қызметке лицензия) болуы;

2) "Е-Лицензиялау" МДҚ-да тіркелген жоспарланған көлемдерге арналған өтінімде көрсетілген қызметтерді көрсету үшін Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңға сәйкес иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеуге арналған лицензиясының және оған денсаулық сақтау субъектісінің өндірістік базасының (-ларының) орналасқан жері бойынша оларды пайдалану құқығын растайтын қосымшалардың (бұдан әрі – иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеуге арналған лицензия) болуы (көрсетілген кезде осы лицензия міндетті құжат болып табылатын медициналық көмек түрлері үшін);

3) "Е-Лицензиялау" МДҚ-да тіркелген жоспарланған көлемдерге арналған өтінімде көрсетілген қызметтерді көрсету үшін Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңға сәйкес есірткі, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензиясының және оған денсаулық сақтау субъектісінің

өндірістік базасының (-ларының) орналасқан жері бойынша денсаулық сақтау саласындағы есірткінің, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызметті жүзеге асыруға құқығын растайтын қосымшалардың (бұдан әрі – есірткі, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензия) болуы (көрсетілген кезде осы лицензия міндетті құжат болып табылатын медициналық көмек түрлері үшін);

4) "Е-Лицензиялау" МДҚ-да тіркелген жоспарланған көлемдерге арналған өтінімде көрсетілген қызметтерді көрсету үшін Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңға сәйкес фармацевтикалық қызметке лицензиясының және оған оның қызметінің тиісті кіші түрлері бойынша денсаулық сақтау субъектісінің өндірістік базасының (-ларының) орналасқан жері бойынша дәрілік препараттарды дайындауға және (немесе) дәрілік заттарды бөлшек саудада өткізуге құқығын растайтын қосымшалардың (бұдан әрі – фармацевтикалық қызметке лицензия) болуы (көрсетілген кезде осы лицензия міндетті құжат болып табылатын медициналық көмек түрлері үшін);

5) медициналық көмектің барлық мәлімделген түрлері бойынша "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсетудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-336/2020 бұйрығымен бекітілген Санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыларды беру бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22004 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-336/2020 бұйрық) сәйкес денсаулық сақтау субъектісінің өндірістік базасының (-ларының) орналасқан жері бойынша берілген жоспарланған көлемдерге арналған өтінімде көрсетілген қызметтерді көрсету үшін халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында рұқсат құжатының болуы (эпидемиялық мәні жоғары объектіге – жоғары эпидемиялық мәні бар объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының немесе рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен оның электрондық нысаны; эпидемиялық мәні елеусіз объектіге – рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен эпидемиялық мәні елеусіз объектінің қызметін (пайдалануын) жүзеге асырудың басталғаны туралы хабарламаның) (бұдан әрі – халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы рұқсат беру құжаты).

Бұл ретте алдағы қаржы жылына арналған жоспарланған көлемдерге өтінімді Есепке алу қағидаларының 15-тармағына сәйкес дерекқор бойынша мәліметтердің өзектендіруді өткізген денсаулық сақтау субъектілері береді.

Жоспарланған көлемдерге өтінімді денсаулық сақтау субъектісінің басшысы немесе ол уәкілеттік берген тұлға береді.

Жоспарланған көлемдерге арналған өтінім веб-портал өтінім берген денсаулық сақтау субъектісіне тиісті хабарламаны автоматты түрде жіберген сәтте қабылданды деп есептеледі.

27. Жоспарланған көлемдерге өтінімге мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама (заңды тұлғалар үшін) немесе жеке кәсіпкер ретінде тіркелгені туралы куәліктің көшірмесі (анықтама) және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (жеке тұлғалар үшін);

2) осы Қағидалардың 26-тармағының 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген, жоспарланған көлемдерге өтінімге "Е-Лицензиялау" МДҚ интеграциясы арқылы бекітілетін құжаттар;

3) мемлекеттік-жекешелік әріптестік (бұдан әрі – МЖӘ) шартының көшірмесі (МЖӘ шеңберінде іске асырылатын денсаулық сақтау субъектілері береді);

4) аккредиттеу туралы куәліктің көшірмесі (бар болған жағдайда денсаулық сақтау субъектілері береді);

5) "Мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-238/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21746 болып тіркелген) сәйкес жоспарланған көлемдерге өтінім берілген тиісті технологиялар бойынша берілген, жоғары технологиялық медициналық көмек (бұдан әрі – ЖТМК) ұсынуға денсаулық сақтау ұйымының ЖТМК ұсынуға сәйкестігі туралы қорытындының көшірмесі (ЖТМК көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектісі ұсынады);

6) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес тиісті нысан бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша көрсетілетін қызметтердің жоспарланған көлеміне өтінімде көрсетілген медициналық көмек көрсетуге арналған көлемдер мен сомалар туралы мәліметтер;

7) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы рұқсат беру құжатының көшірмесі;

8) "Денсаулық сақтау субъектілерінің ақылы қызметтер көрсету қағидаларын және ақылы медициналық көрсетілетін қызметтер (көмек) ұсыну жөніндегі шарттың үлгілік нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 29 қазандағы № ҚР ДСМ-170/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21559 болып тіркелген) (бұдан әрі – Ақылы қызметтер көрсету қағидалары) айқындалған жағдайларды қоспағанда, ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттары жасалған медициналық көмектің (қызметтің) түрлері бойынша ақылы негіздегі қызметтерді ұсынбау туралы еркін нысандағы міндеттемелер;

9) осы Қағидаларға 4-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәлімделетін медициналық көмек түрлерін көрсету жоспарланатын өндірістік базалардың тізбесі;

10) ғимаратты мүліктік жалдау (жалға алу) шартының көшірмесі) (бар болған жағдайда);

11) басшының міндетін атқарушыға (басшының орнын басқан кезде) бұйрықтың көшірмесі;

12) сенімхаттың түпнұсқасы (жоспарланатын көлемдерге өтінімді қағаз нысанда ұсынған кезде) немесе басшының сенім білдірген адамы өтінімге қол қойған және (немесе) ұсынған жағдайда оның электрондық көшірмесі (өтінімді электрондық нысанда ұсынған кезде).";

27-1-тармақ алып тасталсын;

35, 36, 37 және 37-1-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"35. Комиссияның ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтер көлемін орналастыруы қызметтерді сатып алу жоспары негізінде дерекқорға енгізілген денсаулық сақтау субъектілері арасында жүзеге асырылады.

36. Комиссия отырысын өткізу үшін комиссия хатшысы комиссия мүшелерін жазбаша (электрондық) нысанда отырысты өткізу туралы комиссия отырысы өтетін күнге дейін кемінде бір күнтізбелік күн бұрын хабардар етеді.

37. Комиссия мүшелері веб-порталда жоспарланған көлемге өтінімдерді ашу туралы автоматты хабарламаны алғаннан кейінгі келесі күннен бастап (өтінімдерді қағаз нысанда қабылдау кезінде – оларды қабылдаудың соңғы мерзімі өткеннен кейінгі келесі күннен бастап) он жұмыс күні ішінде көлемдерді орналастыруға рұқсат беру үшін талаптарына сәйкестігіне, оның ішінде Кодексте және денсаулық сақтау саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерде белгіленген медициналық көмекті көрсетуді ұйымдастыру талаптарына сәйкестігіне және бар-жоғын тексереді:

1) жоспарланған көлемдерге өтінімдер (қағаз нысанда – осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша);

2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама (заңды тұлғалар үшін) немесе жеке кәсіпкер ретінде тіркелгені туралы куәліктің көшірмесі (анықтама) және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (жеке тұлғалар үшін);

3) медициналық қызметке лицензия;

4) иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеуге арналған лицензия (көрсетілген кезде осы лицензия міндетті құжат болып табылатын медициналық көмек түрлері үшін);

5) есірткі, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензия (көрсетілген кезде осы лицензия міндетті құжат болып табылатын медициналық көмек түрлері үшін);

6) фармацевтикалық қызметке лицензия (көрсетілген кезде осы лицензия міндетті құжат болып табылатын медициналық көмек түрлері үшін);

7) МЖӘ шеңберінде іске асырылатын денсаулық сақтау субъектілері беретін МЖӘ шартының көшірмесі;

8) денсаулық сақтау субъектілерінде бар болса берілетін аккредиттеу туралы куәліктің көшірмесі;

9) № ҚР ДСМ-238/2020 бұйрығына сәйкес жоспарланған көлемдерге өтінім берілген тиісті технологиялар бойынша берілген, ЖТМК ұсынуға денсаулық сақтау ұйымының ЖТМК ұсынуға сәйкестігі туралы қорытындының көшірмесі (ЖТМК көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектісі ұсынады);

10) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес тиісті нысан бойынша ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша қызметтердің жоспарланған көлеміне өтінімде көрсетілген медициналық көмек көрсетуге арналған көлемдер мен сомалар туралы мәліметтер;

11) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы рұқсат беру құжатының көшірмелері;

12) Ақылы қызметтер көрсету қағидалары бойынша ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттары жасалған медициналық көмектің (қызметтің) түрлері бойынша ақылы негізде көрсетілетін қызметтерді ұсынбау туралы міндеттемелер еркін нысанда;

13) осы Қағидаларға 4-1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәлімделетін медициналық көмек түрлерін көрсету жоспарланатын өндірістік базалардың тізбесі;

14) ғимаратты мүліктік жалдау (жалға алу) шартының көшірмесі) (бар болған жағдайда);

15) басшының міндетін атқарушыға (басшының орнын басқан кезде) бұйрықтың көшірмесі;

16) сенімхаттың түпнұсқасы (жоспарланатын көлемдерге өтінімді қағаз нысанда ұсынған кезде) немесе басшының сенім білдірген адамы өтінімге қол қойған және (немесе) ұсынған жағдайда оның электрондық көшірмесі (жоспарланатын көлемдерге өтінімді электрондық нысанда ұсынған кезде).

Комиссия мүшелері:

жоспарланатын көлемдерге арналған өтінімде көрсетілген деректер қоса беріліп отырған құжаттарда көрсетілген деректерді, оның ішінде хабарландыру шарттарына сәйкестігіне;

банкроттық немесе тарату рәсімдерінің жүргізілуін бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органның интернет-ресурсында (www.kgd.gov.kz) өтініш берген денсаулық сақтау субъектісінің банкроттық немесе тарату рәсіміне қатысы жоқтығы туралы мәліметтерді;

денсаулық сақтау субъектісінің стационарды алмастыратын жағдайларда мамандандырылған медициналық көмекті орналастыру кезінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № 106 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32740 болып тіркелген) Қазақстан Республикасында стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек көрсету стандартына (бұдан әрі – СА стандарты) сәйкестігін;

уәкілетті органның немесе қордың ақпараттық жүйелерінен (бұдан әрі – денсаулық сақтау АЖ) алынған деректер бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну тәжірибесінің болуын немесе болмауын;

денсаулық сақтау субъектісі тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте (ауыл, кент, қаладағы аудан, қала, аудан, облыс) медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарына сәйкес мәлімделетін медициналық көмек түрлері, көрсетілетін қызметтер және медициналық қызметтер көрсету шарттары (шарттары) бойынша қызметтер көрсететін жалғыз денсаулық сақтау субъектісі болып табылатын жағдайды;

денсаулық сақтау субъектісін денсаулық сақтау басқармасының шешімі негізінде шұғыл және (немесе) кезек күттірмейтін (ургенттік) нысанда медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілерінің тізбесіне енгізуді;

медициналық қызметті тоқтата тұру немесе тоқтату туралы заңды күшіне енген сот шешімі болуын;

ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде стационарлық және (немесе) стационарды алмастыратын жағдайларда төсек бейіндері бөлінісінде төсек қорын қоса алғанда, денсаулық сақтау субъектілерінің төсек қорын айқындау туралы денсаулық сақтау басқармасының шешімінде денсаулық сақтау субъектісінің болуын немесе болмауын қарайды.

Жоспарланған көлемдерге өтінімдерді және оларға қоса берілетін құжаттарды қарау кезінде комиссия мүшелері болып табылатын денсаулық сақтау басқармасының өкілдері оның қарамағындағы денсаулық сақтау субъектілерінің құқықтық және (немесе) мүліктік мәртебесін өзгерту процесі туралы ақпарат береді.

Комиссия денсаулық сақтау АЖ-да қолжетімді деректерді пайдаланады, ал олар денсаулық сақтау АЖ-да болмаған кезде мемлекеттік органдар мен ұйымдардан сұрау салу арқылы алынған мәліметтер пайдаланылады.

Жоспарланатын көлемдерге өтінімдерді қарау кезінде жоспарланатын көлемдерге өтінім берілген медициналық көмектің түрлері немесе шарттары бойынша қормен бұрын сатып алу шарттарын жасаспаған денсаулық сақтау субъектілеріне комиссия мүшелеріне жоспарланатын көлемдерге өтінімде көрсетілген деректерге сәйкес өндірістік базалардың, медицина қызметкерлері мен медициналық техниканың болуына, денсаулық сақтау субъектісіне хабарламаны бару күніне дейін күнтізбелік бір күннен кеш емес жібере отырып, баруына рұқсат етіледі.

Хабарлама мынадай тәсілдердің бірімен жіберіледі:

денсаулық сақтау субъектісінде электрондық құжатайналымы болған кезде электронды түрде;

жеткізу туралы хабарламасы бар тапсырыс хат-хабармен;

веб-порталдағы жеке кабинетте электрондық түрде.

Бару нәтижелері бойынша комиссия мүшелері осы Қағидалардың 5-1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша қызметтер көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектісіне бару нәтижелері бойынша қорытынды (бұдан әрі – денсаулық сақтау субъектісіне бару нәтижелері бойынша қорытынды) қалыптастырады.

Қорытынды комиссия мүшелерінің денсаулық сақтау субъектісінің қызметтер мен қаражат көлемін орналастыруға жіберу үшін талаптарға сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы шешім қабылдауы үшін негіз болып табылады.

37-1. Комиссия мүшелері мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) денсаулық сақтау субъектісінің көлемдерді орналастыруға рұқсат беру үшін қойылатын талаптарға сәйкестігі туралы:

осы Қағидалардың 26, 27, 28, 33 және 34-тармақтарына сәйкес талаптарға сәйкестігін;

хабарландыру шарттарына сәйкес жоспарланған көлемдерге өтінімді және оған қоса берілетін құжаттарды ұсыну;

денсаулық сақтау субъектісі ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) өтінімде көрсетілген деректерге немесе олардың анықтығына сәйкестігін анықтау;

денсаулық сақтау субъектісінің Кодексте және өзге де денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыруға қойылатын талаптарға сәйкестігі;

денсаулық сақтау субъектісіне бару нәтижелері бойынша оң қорытынды;

денсаулық сақтау субъектісінде банкроттық немесе тарату рәсімінің жүргізілмеуі;

денсаулық сақтау АЖ-нен алынған деректер бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну тәжірибесінің болуы;

денсаулық сақтау субъектісі тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте (ауыл, кент, қаладағы аудан, қала, аудан, облыс) медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарына сәйкес мәлімделетін медициналық көмек түрлері, көрсетілетін қызметтер және медициналық қызметтер көрсету шарттары (шарттары) бойынша қызметтер көрсететін жалғыз денсаулық сақтау субъектісі болып табылған жағдайда;

денсаулық сақтау басқармасының шешімі негізінде шұғыл және (немесе) кезек күттірмейтін (ургенттік) нысанда медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектісін денсаулық сақтау субъектілерінің тізбесіне енгізу;

ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде стационарлық және (немесе) стационарды алмастыратын жағдайларда төсек бейіндері бөлінісінде төсек қорын қоса алғанда, денсаулық сақтау субъектілерінің төсек қорын айқындау туралы денсаулық сақтау басқармасының шешімінде денсаулық сақтау субъектісінің болуы.

2) денсаулық сақтау субъектісінің көлемдерді орналастыруға рұқсат беру үшін талаптарға сәйкес еместігі туралы:

осы Қағидалардың 26, 27, 28, 33 және 34-тармақтарға сәйкес келмейтін;

хабарландыру шарттарына сәйкес келмейтін жоспарланған көлемдерге өтінім және оған қоса берілетін құжаттар беру;

денсаулық сақтау субъектісі ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) өтінімде көрсетілген деректерге сәйкес еместігін немесе олардың дәйексіздігін анықтау;

денсаулық сақтау субъектісінде банкроттық немесе тарату рәсімін жүргізу кезінде;

егер осы денсаулық сақтау субъектісінің қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тоқтатылған жағдайда, денсаулық сақтау субъектісінің құқықтық және (немесе) мүліктік мәртебесін өзгертуді жүзеге асыруда;

денсаулық сақтау субъектілерінің денсаулық сақтау саласындағы Кодексте және өзге де нормативтік құқықтық актілерде белгіленген медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыруға қойылатын талаптарға сәйкес келмеуі;

шешім қабылдауға құқығы бар қордың лауазымды адамы (не оның жақын туыстары , жұбайы (зайыбы) немесе жекжаттары) олардың құрылтайшысы, қатысушысы не акционері болып табылатын болса;

денсаулық сақтау субъектілерінің қаржы-шаруашылық қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тоқтатылса;

заңды тұлғаның қызметі туралы жалған мәліметтерді қамтитын дәйексіз деректер және (немесе) ақпарат берілгенде;

"Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 тамыздағы № ҚР ДСМ-96/2020 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21080 болып тіркелген) сәйкес объектінің денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес келмеуі;

медициналық қызметті тоқтата тұру немесе тоқтату туралы заңды күшіне енген сот шешімінің болуы;

денсаулық сақтау субъектісінің стационарды алмастыратын жағдайларда мамандандырылған медициналық көмекті орналастыру кезінде СА стандартына сәйкес болмауы;

төсек өткізу қабілетін қоса алғанда, денсаулық сақтау субъектілерінің бос өндірістік қуатының болмауы;

ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде стационарлық және (немесе) стационарды алмастыратын жағдайларда төсек бейіндері бөлінісінде төсек қорын қоса алғанда, денсаулық сақтау субъектілерінің төсек қорын айқындау туралы денсаулық сақтау басқармасының шешімінде денсаулық сақтау субъектісінің болмауы;

комиссия мүшелерінің беру нәтижелері бойынша қорытынды негізінде.

денсаулық сақтау субъектілерінің жоспарланатын көлемдеріне өтінімдер қабылданбаған кезде, ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша көрсетілетін қызметтердің көлемін орналастыру (орналастырмау) қорытындылары туралы хаттамада қабылдамау негіздері, денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актінің нақты тармағына сілтеме көрсетіледі (денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актінің тиісті нормасы болған кезде).

мынадай мазмұндағы 39-1-тармақпен толықтырылсын:

"39-1. Комиссиямен осы Қағидалардың 39-тармағына сәйкес берілген жоспарланатын көлемдерге өтінімдерді және оларға қоса берілетін құжаттардың көлемдерді орналастыруға рұқсат беру үшін талаптарға сәйкестігін қайта қарау қорытындылары бойынша осы Қағидаларға 6-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қабылданбаған өтінімдерге және (немесе) оларға қоса берілетін құжаттарға ұсынылған толықтырулар бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмекті көрсету бойынша көрсетілетін қызметтерді орналастыру рәсіміне рұқсат беру үшін қойылатын талаптарға денсаулық сақтау субъектілердің сәйкестігі (сәйкес келмеуі) хаттамасы жасалады және қол қойылады.

Бұл ретте барлық денсаулық сақтау субъектілерінің жоспарланатын көлемдерге өтінімдер және (немесе) оларға қоса берілетін құжаттар осы Қағидалардың 39-тармағына сәйкес оларды сәйкес келтіру мүмкіндігі болған жағдайда, көрсетілген хаттаманы үш жұмыс күнінен бұрын қалыптастыруға жол беріледі.

Көрсетілетін қызметтердің көлемін орналастыру рәсіміне жіберу үшін талаптарға сәйкес келмейтін денсаулық сақтау субъектілеріне көрсетілген хаттамадан үзінді көшірме оған қол қойылған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жіберіледі.

ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтер көлемдерін орналастыру үшін денсаулық сақтау субъектілерін таңдау кезінде веб-портал арқылы денсаулық сақтау субъектілеріне сәйкестік (сәйкессіздік) хаттамасын орналастыру туралы хабарлама автоматты түрде жіберіледі.";

40, 41-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"40. Егер қайта ұсынылған өтінім және (немесе) оған қоса берілетін құжаттар көлемдерді орналастыру рәсіміне жіберу үшін талаптарға қайтадан сәйкес келмесе,

онда өтінім осы Қағидалардың 37-1-тармақтың 2) тармақшада көрсетілген негіздер бойынша қабылданбайды.

Комиссия МСАК субъектілеріне ТМККК шеңберінде медициналық көмек көрсетуге қызметтердің көлемдерін орналастыру (орналастырмау) туралы шешімді медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарының негізінде көлемдерді орналастыру рәсіміне жіберу үшін талаптарды ескере отырып, қабылдайды.

41. Ағымдағы жылдың ішінде ағымдағы қаржы жылына арналған көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттары жасалған қызметтер берушілер арасында және (немесе) медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспары шегінде дерекқордан жаңа денсаулық сақтау субъектілерін тарта отырып, осы Қағидаларға сәйкес денсаулық сақтау субъектілерін таңдау рәсімдері мынадай жағдайларда жүргізіледі:

- 1) көрсетілетін қызметтердің орналастырылмаған көлемінің болуы;
- 2) көрсетілетін қызметтердің босаған көлемінің болуы;
- 3) ағымдағы қаржы жылында медициналық қызметтерді сатып алу жоспарының өзгеруі.";

48, 49-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"48. Комиссия ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтер көлемдерін және (немесе) қаражат көлемдерін денсаулық сақтау субъектілері арасында орналастыруды және бөлуді мыналарды ескере отырып:

1) "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Ұлттық экономика министрліктерінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі туралы Ереженің (бұдан әрі – ҚР ДСМ туралы ереже) 15-тармағының 323-14) тармақшасына сәйкес әзірленген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету жөніндегі денсаулық сақтау субъектілеріне көрсетілетін қызметтер және (немесе) қаражат көлемін бөлудің әдістемесін;

2) осы Қағидалардың 47-тармағына сәйкес басым құқықты;

3) ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде стационарлық және (немесе) стационарды алмастыратын жағдайларда төсек бейіндері бөлінісінде төсек қорын қоса алғанда, денсаулық сақтау субъектілердің төсек қорын анықтау туралы денсаулық сақтау басқармасының шешіміне сәйкес төсек қорын қоса алғанда, денсаулық сақтау субъектілерінің өндірістік қуатын;

4) денсаулық сақтау АЖ-ден алынған деректер бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну тәжірибесін;

5) "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау

субъектілерінен медициналық қызметтерді сатып алу шарты талаптарының орындалу мониторингін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-321/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21904 болып тіркелген) (бұдан әрі – Мониторингті жүргізу қағидалары) көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттары бойынша шарттық міндеттемелер, оның ішінде медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасы мен көлемі бойынша мониторинг нәтижелерін;

6) денсаулық сақтау субъектілерінде Мониторингті жүргізу қағидаларына сәйкес медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігіне негізделген шағымдарын;

7) цифрлық денсаулық сақтау субъектісі ұсынған түпкілікті деректер бойынша (МСАК қызметтерінің көлемін бөлу кезінде) орналастыру кезеңіне бекітілген халықтың саны мен жыныстық-жас құрамының өзгеруін ескере отырып, бекіту науқанының қорытындыларын;

8) МЖӘ шартының болуын;

9) денсаулық сақтау басқармасының шешімі негізінде шұғыл және (немесе) кезек күттірмейтін (ургенттік) нысанда медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектісін денсаулық сақтау субъектілерінің тізбесіне енгізуін;

10) ҚР ДСМ туралы ереженің 15-тармағының 323-15) тармақшасына сәйкес әзірленген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің қызметінің индикаторларын есептеу және рейтингтік бағалау әдістемесіне сәйкес есептелген ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің қызметінің рейтингтік бағалауын жүзеге асырады.

Комиссия қызметтер көлемін және (немесе) қаражат көлемін бөлу кезінде еркін нысандағы қызметтер көлемін бөлу кестесін пайдаланады.

49. Комиссияның осы Қағидалардың 20-тармағында көрсетілген бірінші кезең рәсімдерін жүзеге асырғаннан кейін денсаулық сақтау субъектілеріне көрсетілетін қызметтер көлемін орналастырмауы үшін көрсетілетін қызметтердің барлық мәлімделген көлемі және (немесе) берілген өтінімдерге сәйкес қаражат көлемі бойынша қамтамасыз ету үшін медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарына сәйкес көрсетілетін қызметтер көлемінің және (немесе) қаражат көлемінің жеткіліксіздігі және (немесе) денсаулық сақтау субъектілерінің Кодексте және өзге де денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыруға қойылатын талаптарға сәйкес келмеуі негіз болып табылады.";

52, 53-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"52. Көрсетілетін қызметтер көлемін орналастыру үшін денсаулық сақтау субъектілерін таңдау кезінде, сондай-ақ көрсетілетін қызметтер көлемдерін осы Қағидалардың 19-тармағында көрсетілген жағдайлар бойынша медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспары шеңберінде денсаулық сақтау субъектілерін таңдау рәсімін жүргізбей орналастыру кезінде көрсетілетін қызметтер көлемдерін орналастыру хаттамасы немесе таңдау рәсімінсіз орналастыру қорытындылары туралы хаттамасы қол қойылғаннан кейін көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттарын немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартына қосымша келісімдерді жасасу үшін денсаулық сақтаудың АЖ автоматты түрде беріледі.

Көрсетілетін қызметтер көлемдерін орналастыру хаттамасы және көлемдердің есебі комиссия қол қойған күні веб-порталда жалпы қолжетімділікте жарияланады.

53. Шарттар жасасу көрсетілетін қызметтерді сатып алу көрсетілетін қызметтер көлемдерін орналастыру хаттамасының немесе таңдау рәсімінсіз орналастыру қорытындылары туралы хаттамасының негізінде қор немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бекіткен үлгілік нысан бойынша көрсетілетін қызметтер көлемдерін есептеудің негізінде жүзеге асырылады.

Денсаулық сақтау субъектісі қормен көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын жасасқан кезде қор бекіткен ТМККК және (немесе) МӘМС жүйесі шеңберінде медициналық көмек көрсету бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алуға қосылу шартына (бұдан әрі – қосылу шарты) қосылған болып есептеледі.

Қосылу шартының жобасын қор әзірлейді және ұсыныстар беру үшін уәкілетті органға және "Атамекен" ҰКП-ға жібереді, сондай-ақ қордың интернет-ресурсында оны бекітуден кемінде бір ай бұрын жария талқылау үшін орналастырылады.

Көрсетілген қосылу шарты қордың немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің интернет-ресурсында және (немесе) веб-порталда орналастырылады.

Қосылу шартына енгізілетін өзгерістер және (немесе) толықтырулар қордың немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің интернет-ресурсында және (немесе) веб-порталда өзгерістер және (немесе) толықтырулар ескеріле отырып, шарттың толық мәтіні түрінде өзгерістер және (немесе) толықтырулар күшіне енгенге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жарияланады.";

55, 56-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"55. Алдағы жылға денсаулық сақтау субъектілерін таңдау рәсімі ағымдағы күнтізбелік жыл аяқталғанға дейін жүзеге асырылады.

56. Көрсетілетін қызметтер көлемін таңдау және (немесе) таңдау рәсімін өткізбей қызметтер көлемін орналастыру рәсімін жүргізу қорытындылары бойынша қызметтер көлемін орналастыру хаттамасына немесе таңдау рәсімінсіз орналастыру қорытындылары туралы хаттамасына қол қойылғаннан кейін он бес жұмыс күні ішінде денсаулық сақтау ЭЦҚ қолдана отырып, денсаулық сақтау АЖ арқылы көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының (жасалған көрсетілетін қызметтерді сатып алу

шартына қосымша келісімнің жобасы) жобасы жіберіледі немесе қор немесе бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі сатып алуды қағаз форматта өткізгенде қағаз нысанда жібереді.

Денсаулық сақтау субъектілерін таңдау рәсімін өткізу қорытындылары бойынша республикалық комиссия хаттама негізінде медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарына өзгерістер енгізілгеннен кейін он жұмыс күні ішінде денсаулық сақтау субъектісіне ЭЦҚ қолдана отырып, көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының жобасын (жасалған көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартына қосымша келісімнің жобасын) денсаулық сақтау АЖ арқылы жібереді.

Денсаулық сақтау субъектісі көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттарының көрсетілген жобаны алған күннен бастап үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде веб-порталда сатып алуды өткізу кезінде ЭЦҚ-ны пайдалана отырып немесе қағаз нысанда сатып алуды жүргізу кезінде қорға немесе бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі қол қойылған шартты ұсына отырып, оны ақпараттық жүйелер арқылы келіседі және денсаулық сақтау АЖ арқылы қол қояды.";

59-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"59. Қор жасалған ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттарының негізінде қормен қызметтерді сатып алу шарттарын немесе осы Қағидаларға 7-1- қосымшаға сәйкес нысан бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен ТМҚКК қосымша қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді сатып алу шарттарын (бұдан әрі – қызметтер берушілердің тізбесі) жасасқан қызметтер берушілердің тізбесін қалыптастырады, ол есепті айдан кейінгі айдың оныншы күнінен кешіктірмей қордың интернет-ресурсында орналастырылады және өзектендіріледі.";

61, 62-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"61. Денсаулық сақтау субъектілері бірлесіп орындаушы ретінде пациенттерге ТМҚКК шеңберінде және МӘМС жүйесінде медициналық ұйымды және дәрігерді еркін таңдау құқығын іске асыру кезінде МСАК дәрігерінен немесе осы денсаулық сақтау субъектісінің бейінді маманынан көрсетілімдер мен жолдамалар болған жағдайда онда медициналық ақпараттық жүйелерге енгізілген қызметтер бірлесіп орындау шартын жасасу үшін негіз болып табылған №ҚР ДСМ-37 бұйрығы негізінде бекітілген мамандандырылған медициналық көмекті көрсету тәртібіне сәйкес дәрігерден және бейінді маманынан жолдамасыз қызметтер көрсету жағдайларын қоспағанда, қызметтер көрсетуді қамтамасыз етеді.

Егер МСАК субъектісі мен консультациялық-диагностикалық көмек көрсететін таңдалған ұйым (бұдан әрі – ҚДК субъектісі) арасында бірлесіп орындаушы ретінде тартуға бірлесіп орындау шарты жасалмаса, МСАК дәрігерінің немесе осы МСАК субъектісінің бейінді маманының жолдамасы бірлесіп орындаушы ретінде осы қызметтерді жолдама бойынша көрсетуге дерекқорға енгізілген МСАК субъектісі мен

КДК ұйымы арасында автоматтандырылған бірлесіп орындау шартын қалыптастыруды жасасу үшін негіз болып табылады.

62. Қызметтер берушінің ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде қызметтер көрсету кезінде бірлесіп орындау шартын жасасуы мынадай жағдайларда жүзеге асырылмайды:

1) "Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 24 тамыздағы № ҚР ДСМ-90 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24094 болып тіркелген) сәйкес МСАК мамандары көрсететін қызметтер;

2) Қазақстан Республикасында ұсынылмайтын және ЖТМК көрсету үшін қажетті консультациялық-диагностикалық көмектің жекелеген түрлерін, оның ішінде сүйек кемігі донорын және (немесе) гемопоэздік дің жасушаларын іріктеуді және белсендіруді жүзеге асыру кезінде сүйек кемігі донорын және (немесе) гемопоэздік дің жасушаларын тексеру кезінде медициналық қызметтерді көрсетуді қоспағанда, осы қызметтерді көрсету қызметтер берушіге көлемдерді орналастыру үшін негіз болып табылған;

3) бағдарламаланған гемодиализ немесе перитонеальді диализ қызметтері, егер бұл қызметтерді ұсыну қызметтер берушіге көлемді бөлуге негіз болса;

4) стационарлық және (немесе), стационарды алмастыратын жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек, егер бұл көмек көрсету қызметтер берушіге көлемдерді орналастыруға негіз болып табылса;

5) қызметтер берушіге көрсетілген көмек көлемін орналастыру үшін негіз болып табылған жағдайда медициналық оңалту;

б) стационарлық жағдайдағы паллиативтік медициналық көмек;

7) осы көмекті көрсету қызмет берушіге көлемдерді орналастыру үшін негіз болғанда стоматологиялық көмек көрсетуді қамтиды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген қызметтер көрсетілгенде қызметтер берушінің қызметтер көлемін орналастыру үшін негіз болып табылмайтын консультациялық-диагностикалық көмектің қызметтерді (оның ішінде зертханалық қызметтер) және емдеу іс-шараларының жекелеген түрлерін көрсетуге бірлесіп орындаушымен шарт қызметтер берушінің шешімі бойынша жасалынады.

Жасалған қызметтерді сатып алу шарттары бойынша халық саны 30 000 (отыз мың) және одан жоғары МСАК субъектілеріне орналастырылған ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде амбулаториялық жағдайларда (тіркелген бір тұрғынға шаққандағы КДҚ кешені) консультациялық-диагностикалық қызметтер көрсетуге (бұдан әрі – КДҚ) арналған қаражат көлемін бірлесіп орындауға:

аудандық деңгейде – КДҚ (тіркелген бір тұрғынға КДҚ кешені) көрсетуге арналған сатып алу шартының жалпы сомасының 60%-дан;

қалалық деңгейде – КДҚ (тіркелген бір тұрғынға КДҚ кешені) көрсетуге сатып алу шартының жалпы сомасының 50%-дан аспайтын мөлшерде беруге жол беріледі.”;

68, 69-тармақтар алып тасталсын;

қағидаларға 1-2, 4, 6, 7-қосымшалары осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

қағидалар осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес 4-1, 5-1, 6-1, 7-1-қосымшаларымен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды үйлестіру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2023 жылғы 1 желтоқсаннан бастап күшіне енетін осы бұйрықтың 1-тармағының тоқсан алтыншы, тоқсан жетінші, тоқсан сегізінші, тоқсан тоғызыншы, бір жүз оныншы, бір жүз он бірінші, бір жүз он екінші, бір жүз он үшінші, бір жүз он төртінші, бір жүз он бесінші, бір жүз он алтыншы, бір жүз он жетінші, бір жүз он сегізінші, бір жүз он тоғызыншы, бір жүз жиырма бірінші, бір жүз жиырма екінші, бір жүз жиырма үшінші, бір жүз жиырма төртінші, бір жүз жиырма бесінші, бір жүз жиырма алтыншы, бір жүз жиырма жетінші, бір жүз жиырма сегізінші, бір жүз жиырма тоғызыншы, бір жүз отызыншы, бір жүз отыз бірінші, бір жүз отыз екінші, бір жүз отыз үшінші, бір жүз отыз төртінші, бір жүз отыз бесінші, бір жүз алтыншы, бір жүз отыз жетінші, бір жүз отыз сегізінші, бір жүз тоғызыншы, бір жүз қырқыншы, бір жүз қырық бірінші, бір жүз қырық екінші, бір жүз қырық үшінші, бір жүз қырық төртінші, бір жүз қырық бесінші, бір жүз қырық алтыншы, бір жүз қырық жетінші, бір жүз қырық сегізінші, бір жүз қырық тоғызыншы, бір жүз елуінші, бір жүз елу бірінші, бір жүз елу екінші, бір жүз елу үшінші, бір жүз елу төртінші, бір жүз елу бесінші, бір жүз елу алтыншы, бір жүз елу жетінші, бір жүз елу сегізінші, бір жүз елу тоғызыншы, бір жүз алпысыншы, бір жүз алпыс бірінші, бір жүз алпыс екінші, бір жүз алпыс үшінші, бір жүз алпыс төртінші, бір жүз алпыс бесінші, бір жүз алпыс алтыншы, бір жүз алпыс жетінші, бір жүз алпыс сегізінші, бір жүз алпыс тоғызыншы, бір жүз жетпісінші, бір жүз жетпіс бірінші, бір жүз жетпіс екінші, бір жүз жетпіс

үшінші, бір жүз жетпіс төртінші, бір жүз жетпіс бесінші, бір жүз жетпіс алтыншы, бір жүз жетпіс жетінші, бір жүз жетпіс сегізінші, бір жүз жетпіс тоғызыншы, бір жүз сексенінші, бір жүз сексен бірінші, бір жүз сексен екінші, бір жүз сексен үшінші, бір жүз сексен төртінші, бір жүз сексен бесінші, бір жүз сексен алтыншы, бір жүз сексен жетінші, бір жүз сексен сегізінші, бір жүз сексен тоғызыншы, бір жүз тоқсаныншы, бір жүз тоқсан бірінші, бір жүз тоқсан екінші, бір жүз тоқсан үшінші, бір жүз тоқсан төртінші, бір жүз тоқсан бесінші, бір жүз тоқсан алтыншы, бір жүз тоқсан жетінші, бір жүз тоқсан сегізінші, бір жүз тоқсан тоғызыншы, екі жүзінші, екі жүз бірінші, екі жүз екінші, екі жүз үшінші, екі жүз төртінші, екі жүз бесінші, екі жүз алтыншы, екі жүз жетінші, екі жүз сегізінші, екі жүз он үшінші, екі жүз он төртінші, екі жүз он бесінші, екі жүз он алтыншы, екі жүз он жетінші, екі жүз он сегізінші, екі жүз он тоғызыншы, екі жүз жиырмамыншы, екі жүз жиырма бірінші, екі жүз жиырма екінші, екі жүз жиырма үшінші, екі жүз жиырма төртінші, екі жүз жиырма бесінші, екі жүз жиырма алтыншы, екі жүз елу тоғызыншы, екі жүз алпысыншы, екі жүз алпыс бірінші, екі жүз алпыс екінші, екі жүз алпыс үшінші, екі жүз алпыс төртінші абзацтарын;

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін осы бұйрықтың 1-тармағының екі жүз елу төртінші, екі жүз елу бесінші, екі жүз елу алтыншы абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі

А. Ғиният

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2023 жылғы 27 қазандағы
№ 157 бұйрығына
1-қосымша
Тегін медициналық көмектің
кепілдік берілген көлемі
шеңберінде және міндетті
элеуметтік медициналық
сақтандыру жүйесінде
денсаулық сақтау
субъектілерінен көрсетілетін
қызметтерді
сатып алу қағидаларына
1-2-қосымша

Нысан

Халықты медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілеріне бекіту науқанын өткізу қорытындылары туралы хаттама №

_____ (орналасқан жері)

"__" _____ 20__ жыл

1. Денсаулық сақтау субъектілерін таңдау және көрсетілетін қызметтердің көлемдерін орналастыру жөніндегі комиссия (бұдан әрі - комиссия) құрамында:

_____ (комиссия төрағасының және басқа мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және лауазымы)

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 13 қарашадағы №ҚР ДСМ-194/2020 бұйрығымен бекітілген медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына жеке тұлғаларды іркеу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21642 болып тіркелген) сәйкес жүргізілген медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін (бұдан әрі – МСАК субъекті) денсаулық сақтау субъектілеріне тіркелу науқанының (бұдан әрі – бекіту науқаны) цифрлық денсаулық сақтау субъектісі ұсынған қорытындыларын қарастырды.

2. Бекіту науқанының қорытындыларын қарау нәтижелері бойынша комиссия _____ ашық дауыс беру арқылы ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ: (күнін көрсету)

тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің дерекқорына (бұдан әрі - дерекқор) енгізілген, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерін таңдау рәсіміне жіберілетін бастапқы МСАК субъектілерінің мынадай тізбесі айқындалсын:

р/с №	БСН (ЖШС)	МСАК субъектінің атауы	Заңды мекенжайы	"Бекітілген халық тіркелімі" порталында тіркелген бекітілген халық саны
1	2	3	4	5

3. Комиссия бекіту науқанының қорытындыларын қарау нәтижелері бойынша ашық дауыс беру арқылы ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

денсаулық сақтау субъектілерін таңдау рәсіміне жіберілмейтін дерекқорға енгізілген МСАК субъектілерінің мынадай тізбесін айқындау:

р/с №	БСН (ЖШС)	МСАК субъектінің атауы	Заңды мекенжайы	"Бекітілген халық тіркелімі" порталында тіркелген бекітілген халық саны	Себептерін көрсету
1	2	3	4	5	6

4. Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрілігі "Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығы"

ШЖҚ РМК денсаулық сақтау субъектілерін таңдау рәсіміне жіберілмейтін МСАК субъектілері бойынша "Бекітілген халық тіркелімі" ақпараттық жүйесінде "МСАК" белгісін алып тастау.

Бұл шешім үшін дауыс берді:

Қолдаймын _____ дауыс;

Қарсымын _____ дауыс;

Комиссия мүшелері мен хатшысының халықты МСАК субъектілеріне бекіту науқанын өткізу қорытындылары туралы хаттамасына қол қоюы туралы ақпарат:

Комиссия мүшесінің, комиссия хатшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Жұмыс орны	Комиссия мүшесінің лауазымы	Қолы	Қол қойылған күні
1	2	3	4	5
			Қол қойылды / қатысқан жоқ	

QR коды

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларына 4-қосымша

Нысан

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету жөніндегі қызметтердің жоспарланған көлеміне өтінімде көрсетілген медициналық көмек көрсетуге арналған көлемдер мен сомалар туралы мәліметтер Бекітілген халыққа медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсетуге арналған көлемдер мен сомалар туралы мәліметтер

Жан басына шаққандағы кешенді нормативке кіретін көлемдер

№	Медициналық көмектің түрі	Алдыңғы кезеңдегі көлемі *			Мәлімделген көлемдер*
		20__ жыл	20__ жыл	20__ жыл	20__ жыл
		Бекітілген халық саны	Бекітілген халық саны	Бекітілген халық саны	Бекітілген халық саны
1	2	3	4	5	6

Халық санына медициналық көмек көрсету кезіндегі нақты шығындарға арналған шығыстар**

№	Медициналық көмектің түрі	Алдыңғы кезеңдегі сомасы, теңге*			Мәлімделген сомалар, теңге *
		20__ жыл	20__ жыл	20__ жыл	20__ жыл
1	2	3	4	5	6

Скринингтік зерттеулерге жататын ауыл тұрғындары қатарындағы адамдардың нысаналы топтары***

№	Медициналық көмектің түрі	Алдыңғы кезеңдегі көлемі *						Мәлімделген көлемдер*	
		20__ жыл		20__ жыл		20__ жыл		20__ жыл	
		Скринингтік зерттеулерге жататын халық саны	Қызметтер саны	Скринингтік зерттеулерге жататын халық саны	Қызметтер саны	Скринингтік зерттеулерге жататын халық саны	Қызметтер саны	Скринингтік зерттеулерге жататын халық саны	Қызметтер саны
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Барлығы									

Ерекше еңбек жағдайлары үшін нақты шығындарға арналған шығыстар ****

№	Медициналық көмектің түрі	Алдыңғы кезеңдегі сомасы, теңге*			Мәлімделген сомалар, теңге *
		20__ жыл	20__ жыл	20__ жыл	20__ жыл
1	2	3	4	5	6

Осы мәліметтерге қосымша _____ парақта. ****

_____ (комиссия төрағасының және басқа мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және лауазымы)

Мөр орны (бар болса)

Толтырылған күні _____

Ескерту:

* алдағы жылға жоспарланған көлемдерге өтінім берген кезде және денсаулық сақтау субъектілерінен қызметтерді сатып алуға алғаш қатысқан кезде толтырылады;

** арнайы емдік ақуызы төмен және фенилаланині төмен өнімдермен қамтамасыз етілгенде толтырылады;

*** ауыл тұрғындарын профилактикалық тексеруге берген жағдайда толтырылады;

**** жедел медициналық жәрдем станцияларының жүргізушілері болған кезде толтырылады;

***** осы мәліметтерге қосымшаға сәйкес еркін нысандағы мәлімделген соманың есебі қоса беріледі:

тіркелген халықтың мәлімделген санының;

Медициналық техниканың болуы туралы мәліметтер – компьютерлік томографтар, магнитті-резонанстық томографтар (бар болса) *****

№	Сериялық нөмірі	Медициналық техниканың атауы (компьютерлік томограф, магниттік-резонанстық томограф)	Медициналық техниканың техникалық сипаттамасына сәйкес тәулігіне көрсетілетін қызметтердің ең көп саны
1	2	3	4
Барлығы		X	

Стоматологиялық қондырғының болуы туралы мәліметтер, оның ішінде стоматологиялық дәрігер-блок, стоматологиялық кресло, стоматологиялық гидроблок, шаңсорғыш және сілекей сорғысы бар, стоматологиялық операциялық шам (бар болса) *****

№	Сериялық нөмірі	Медициналық техниканың атауы (стоматологиялық қондырғы)	Медициналық техниканың техникалық сипаттамасына сәйкес тәулігіне көрсетілетін қызметтердің ең көп саны
1	2	3	4
Барлығы		X	

Жылжымалы медициналық кешеннің болуы туралы мәліметтер (бар болса) *****

№	Сериялық нөмірі	Автомобиль көлігі
1	2	3
Барлығы		X

Аумақтағы жылжымалы медициналық кешен базасында ауыл халқына жоспарлы медициналық көмек көрсету туралы мәліметтер аумақта *****

№	Аудандың атауы	Аудандың ӘАОЖ (әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші) бойынша орналасқан жерінің коды
1	2	3
Барлығы		X

Өндірістік күнтізбені ескере отырып, жылдың жұмыс күндерінің саны бойынша мәліметтер: _____ күндер.*****

Осы мәліметтерге қосымша _____ парақтарда.*****

_____ (Денсаулық сақтау субъектісі басшысының немесе ол уәкілеттік берген тұлғаның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Мөр орны (бар болса)

Толтыру күні _____

Ескерту:

* * алдағы жылға жоспарланған көлемдерге өтінім берген кезде және денсаулық сақтау субъектілерінен қызметтерді сатып алуға алғаш қатысқан кезде толтырылады;

** бекітілген орта білім беру ұйымы болған кезде толтырылады;

*** Оқушылар саны 50 оқушыға дейінгі шағын жинақталған мектептерде білім алушыларға медициналық көмекті ол орналасқан аумаққа қызмет көрсететін алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін ұйым ұсынады;

**** скринингтік зерттеулерге жататын тұлғалардың қалыптастырылған нысаналы топтары бойынша ШОБ субъектілері тіркелген халық санынан толтырады;

***** қажет болған жағдайда толтырылады;

***** көрсетілген қызметтер бөлінісінде осы еркін нысандағы мәліметтерге қосымшаға сәйкес мәлімделген соманың есебі қоса беріледі:

қызметтердің атауы;

тарифтерге сәйкес қызметтердің құны (орташа құны);

қызметтер сомасы;

қызметтердің қорытынды сомасы.

Жоғары технологиялық медициналық қызметтер көрсетуге арналған көлемдер мен сомалар туралы мәліметтер

№	ЖТМҚ коды*	ЖТМҚ атауы	Алдыңғы кезеңдегі көлемі **			Мәлімделген көлемдер**
			20__ жыл	20__ жыл	20__ жыл	20__ жыл
			саны	саны	саны	саны
1	2	3	4	5	6	7

Осы мәліметтерге қосымша _____ парақтарда.***

(субъект басшысының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) немесе ол уәкілеттік берген адамның қолы)

Мөр орны (бар болса)

Толтыру күні _____

Ескерту:

* ЖТМҚ-жоғары технологиялық медициналық қызметтер;

** алдағы жылға жоспарланған көлемдерге өтінім берген кезде және денсаулық сақтау субъектілерінен қызметтерді сатып алуға алғаш қатысқан кезде толтырылады;

*** көрсетілген қызметтер бөлінісінде еркін нысандағы осы мәліметтерге қосымшаға сәйкес мәлімделген соманың есебі қоса беріледі:

ЖТМҚ атаулары;

тарифтерге сәйкес қызметтердің құны;

ЖТМҚ сомалары;

ЖТМҚ қорытынды сомалар.

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----

Осы мәліметтерге қосымша _____ парақтарда. **

_____, _____
(субъект басшысының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) немесе ол уәкілеттік берген адамның қолы)

Мөр орны (бар болса)

Толтыру күні _____

Ескерту:

* алдағы жылға жоспарланған көлемдерге өтінім берген кезде және денсаулық сақтау субъектілерінен қызметтерді сатып алуға алғаш қатысқан кезде толтырылады;

** көрсетілген еркін нысандағы осы мәліметтерге қосымшаға сәйкес мәлімделген соманың есебі қоса беріледі:

науқастардың саны;

сеанстар саны;

тарифтерге сәйкес қызметтердің құны;

мәлімделген сома;

қорытынды сома.

Стационарлық және (немесе) стационарды алмастыратын жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмек көрсетуге арналған көлемдер мен сомалар туралы мәліметтер*

№	Медициналық көмектің түрі	Алдыңғы кезеңдегі көлемдер **			Мәлімделген көлемдер**	
		20__ жыл	20__ жыл	20__ жыл	20__ жыл	
		Емделген жағдайлар саны (төсек-күндер саны)	Емделген жағдайлар саны (төсек-күндер саны)	Емделген жағдайлар саны (төсек-күндер саны)	Емделген жағдайлар саны (төсек-күндер саны)	Төсек немесе төсек-орын саны**
1	2	3	4	5	6	7

Күндізгі стационардың өндірістік күнтізбесін ескере отырып, жылдың жұмыс күндерінің саны бойынша мәліметтер _____ күндер.

Тәулігіне күндізгі стационардың ауысым саны бойынша мәліметтер: _____ ауысым (ауысымдар).

Осы мәліметтерге қосымша _____ парақтарда. ***

_____, _____
(денсаулық сақтау субъектісі басшысының немесе ол уәкілеттік берген тұлғаның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Мөр орны (бар болса)

Толтыру күні _____

Ескерту:

* емделген жағдай үшін тариф бойынша клиникалық-шығынды топтар бойынша, есептік орташа құны бойынша, төсек-күн бойынша, медициналық-экономикалық тарифтер бойынша, нақты шығыстар бойынша төленетін мамандандырылған медициналық көмек көрсетуге өтінім берілген жағдайда толтырылады;

** алдағы жылға жоспарланған көлемдерге өтінім беру кезінде және стационарды алмастыратын жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінен қызметтерді сатып алуға бірінші рет қатысу кезінде толтырылады;

*** көрсетілген осы мәліметтерге еркін нысанның қосымшасына сәйкес мәлімделген соманың есебі қоса беріледі:

жағдайлардың саны (төсек-күндер);

тарифтерге сәйкес қызметтердің құны (орташа құны);

мәлімделген сома;

қорытынды сома.

Мамандарды және (немесе) науқасты санитариялық көлікпен тасымалдауға байланысты жедел медициналық көмектің немесе медициналық көмектің көлемі мен сомалары туралы мәліметтер

№	Медициналық көмектің түрі	Алдыңғы кезеңдегі көлемдер *			Мәлімделген көлемдер*
		20__ жыл	20__ жыл	20__ жыл	20__ жыл
		Бекітілген халық саны	Бекітілген халық саны	Бекітілген халық саны	Бекітілген халық саны
1	2	3	4	5	6

Ерекше еңбек жағдайлары үшін нақты шығындарға арналған шығыстар **

№	Медициналық көмектің түрі	Алдыңғы кезеңдегі сомасы, теңге*			Мәлімделген сомалар, теңге *
		20__ жыл	20__ жыл	20__ жыл	20__ жыл
1	2	3	4	5	6

Осы мәліметтерге қосымша _____ парақтарда***

_____, _____
(субъект басшысының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) немесе ол уәкілеттік берген адамның қолы)

Мөр орны (бар болса)

Толтыру күні _____

Ескерту:

* алдағы жылға жоспарланған көлемдерге өтінім берген кезде және денсаулық сақтау субъектілерінен қызметтерді сатып алуға алғаш қатысқан кезде толтырылады;

** жедел медициналық жәрдем станцияларының жүргізушілері болған кезде толтырылады;

*** осы еркін нысандағы мәліметтерге қосымшаға сәйкес білікті мамандарды және (немесе) санитариялық көлікпен ауыратын науқасты тасымалдауға байланысты жедел медициналық көмек немесе медициналық көмек көрсетуге мәлімделген соманың есебі қоса беріледі:

- тіркелген халықтың мәлімделген санының;
- тарифтерге сәйкес құн (орташа құн);
- мәлімделген сома;
- қорытынды сома.

Кешенді тариф бойынша төленетін медициналық көмек көрсетуге мәлімделген көлемдер мен сомалар туралы мәліметтер*

№	Медициналық көмектің түрі	Алдыңғы кезеңдегі көлемдер мен сома**						Мәлімделген көлемдер мен сома*	
		20__ жыл		20__ жыл		20__ жыл		20__ жыл	
		Тіркелген науқастардың саны (қызметтер саны***)	Сома, теңге	Тіркелген науқастардың саны (қызметтер саны***)	Сома, теңге	Тіркелген науқастардың саны (қызметтер саны***)	Сома, теңге	Тіркелген науқастардың саны (қызметтер саны***)	Сома, теңге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Тіркелген науқастардың санына медициналық көмек көрсету кезіндегі нақты шығындарға арналған шығыстар****

№	Медициналық көмектің түрі	Алдыңғы кезеңдегі көлемдер *			Мәлімделген көлемдер*
		20__ жыл	20__ жыл	20__ жыл	20__ жыл
1	2	3	4	5	6

Әлеуметтік маңызы бар аурулармен ауыратын адамдарға үшінші деңгейде стационарлық жағдайларда мамандырылған медициналық көмек*****

№	Медициналық көмектің түрі	Алдыңғы кезеңдегі көлемдер мен сома**						Мәлімделген көлемдер мен сома*	
		20__ жыл		20__ жыл		20__ жыл		20__ жыл	
		Емделген жағдайлар саны (төсек-күндер саны, қызметтер)	Сома, теңге	Емделген жағдайлар саны (төсек-күндер саны, қызметтер)	Сома, теңге	Емделген жағдайлар саны (төсек-күндер саны, қызметтер)	Сома, теңге	Емделген жағдайлар саны (төсек-күндер саны, қызметтер)	Сома, теңге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Осы мәліметтерге қосымша _____ парақта.*****

_____, _____
(субъект басшысының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) немесе ол уәкілеттік берген адамның қолы)

Мөр орны (бар болса)

Толтыру күні _____

Ескерту:

* туберкулезбен ауыратын науқастарға; АИТВ-жұқтырған және (немесе) жұқтырылған иммунтапшылығы синдромымен ауыратын науқастарға, психикаға белсенді әсерететін заттарды пайдалануға байланысты психикасының, мінез-құлқының бұзылулары (аурулары) бар адамдарға көрсетілетін медициналық көмек көрсетуге өтінім берген жағдайда толтырылады;

** алдағы жылға жоспарланған көлемдерге өтінім беру кезінде және денсаулық сақтау субъектілерінен қызметтерді сатып алуға бірінші рет қатысу кезінде толтырылады;

*** республикалық маңызы бар қалаларда, астанада және облыстық деңгейде құрылатын АИТВ-инфекциясының алдын алу саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары толтырады;

**** туберкулезге қарсы препараттарға немесе антиретровирустық препараттарға өтінім берілген жағдайда толтырылады;

***** үшінші деңгейде медициналық көмек көрсетуге берілген жағдайда өтінім толтырылады;

***** осы еркін нысандағы мәліметтерге қосымшаға сәйкес кешенді тариф бойынша төленетін медициналық көмек көрсетуге мәлімделген соманың есебі қоса беріледі:

тіркелген науқастардың мәлімделген саны;

тарифтерге сәйкес құн (орташа құн);

мәлімделген сома;

қорытынды сома.

Онкологиялық медициналық көмек көрсетуге мәлімделген көлемдер мен сомалар туралы мәліметтер*

Екінші деңгейдегі лимфоидты және қан түзетін тіндердің қатерлі ісіктерін қоспағанда, ісіктері бар науқастарға стационарлық және стационарды алмастыратын жағдайлардағы және амбулаториялық жағдайда жаңа түзілімдерді диагностикалау, онкологиялық науқастарды динамикалық бақылау кезінде мамандандырылған медициналық көмек

	Алдыңғы кезеңдегі көлемдер **	Мәлімделген көлемдер**

№	Медициналық көмектің түрі	20__ жыл		20__ жыл		20__ жыл		20__ жыл	
		Тіркелген науқастардың саны	Жағдайлар (қызметте р) саны	Тіркелген науқастардың саны	Жағдайлар (қызметте р) саны	Тіркелген науқастардың саны	Жағдайлар (қызметте р) саны	Тіркелген науқастардың саны	Жағдайлар (қызметте р) саны
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Медициналық техниканың болуы туралы мәліметтер – позитронды-эмиссиялық томография (бар болса)

№	Сериялық нөмірі	Медициналық техниканың атауы (позитронды-эмиссиялық томография)	Медициналық техниканың техникалық сипаттамасына сәйкес тәулігіне көрсетілетін қызметтердің ең көп саны
1	2	3	4
Барлығы			

Нақты шығындар бойынша иондаушы сәулеленуді қайта зарядтау және сервистік қызмет көрсету шығындары***

№	Медициналық көмектің түрі	Алдыңғы кезеңдегі сомалар*			Мәлімделген сома, теңге*
		20__ жыл	20__ жыл	20__ жыл	20__ жыл
1	2	3	4	5	6

Үшінші деңгейдегі лимфоидты және қан түзетін тіндердің қатерлі ісіктерін қоспағанда, ісіктері бар науқастарға стационарлық және стационарды алмастыратын жағдайлардағы және амбулаториялық жағдайда жаңа түзілімдерді диагностикалау, онкологиялық науқастарды динамикалық бақылау кезінде мамандандырылған медициналық көмек

№	Медициналық көмектің түрі	Алдыңғы кезеңдегі көлемдер мен сома**						Мәлімделген көлемдер мен сома*	
		20__ жыл		20__ жыл		20__ жыл		20__ жыл	
		Емделген жағдайлар саны (қызметте р)	Сома, теңге	Емделген жағдайлар саны (қызметте р)	Сома, теңге	Емделген жағдайлар саны (қызметте р)	Сома, теңге	Емделген жағдайлар саны (қызметте р)	Сома, теңге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Осы мәліметтерге қосымша _____ парақта****

_____, _____
(субъект басшысының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) немесе ол уәкілеттік берген тұлғаның қолы)

Мөр орны (бар болса)

Толтыру күні _____

Ескерту:

* онкологиялық науқастарға медициналық көмек көрсетуге өтінім берілген жағдайда толтырылады;

** алдағы жылға жоспарланған көлемдерге өтінімдер беру кезінде және денсаулық сақтау субъектілерінен қызметтерді сатып алуға бірінші рет қатысу кезінде толтырылады;

*** иондаушы сәулелену көздерін ауыстыру бойынша қызметтер көрсетуге өтінім берілген жағдайда аумақта онкологиялық көмекті үйлестіруші толтырады;

**** еркін нысандағы мәліметтерге қосымшаға сәйкес кешенді тариф бойынша медициналық көмек көрсетуге мәлімделген соманың есебі қоса беріледі:

тіркелген пациенттердің мәлімделген саны;

тарифтерге сәйкес құны (орташа құны);

мәлімделген сома;

қорытынды сома.

Қан қызметі көрсететін қызметтерді көрсетуге өтінім берілген көлемдер мен сомалар туралы мәліметтер

№	Медициналық көмектің түрі	Алдыңғы кезеңдегі көлемі мен сомасы*						Мәлімделген көлемдер мен сома*	
		20__ жыл		20__ жыл		20__ жыл		20__ жыл	
		Қызметтер саны	Сома, теңге	Қызметтер саны	Сома, теңге	Қызметтер саны	Сома, теңге	Қызметтер саны	Сома, теңге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Осы мәліметтерге қосымша _____ парақта**

(субъект басшысының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) немесе ол уәкілеттік берген тұлғаның қолы)

Мөр орны (бар болса)

Толтыру күні _____

Ескерту:

* алдағы жылға жоспарланған көлемдерге өтінімдер беру кезінде және денсаулық сақтау субъектілерінен қызметтерді сатып алуға бірінші рет қатысу кезінде толтырылады;

** еркін нысандағы мәліметтерге қосымшаға сәйкес қан қызметі көрсететін көмек қызметтерді көрсетуге мәлімделген соманың есебі қоса беріледі:

қызметтердің мәлімделген саны;

тарифтерге сәйкес құны (орташа құны);

мәлімделген сома;

қорытынды сома.

Тегін медициналық көмектің
кепілдік берілген көлемі

шеңберінде және (немесе)
міндетті әлеуметтік медициналық
сақтандыру жүйесінде медициналық
көмек көрсету бойынша денсаулық
сақтау субъектілерінен қызметтерді
сатып алу қағидаларына
6-қосымша

Нысан

Денсаулық сақтау субъектілерінің тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтерді орналастыру рәсіміне рұқсат беру үшін қойылатын талаптарға сәйкестігі (сәйкес келмеуі) хаттамасы № _____

_____ (орналасқан жері)	20__ жылғы " __ " _____
-------------------------	-------------------------

1. Мынадай құрамдағы денсаулық сақтау субъектілерін таңдау және көрсетілетін қызметтердің көлемдерін орналастыру жөніндегі комиссия (бұдан әрі – комиссия):

_____?
(комиссия төрағасы мен оның басқа да мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және лауазымы)

мынадай денсаулық сақтау субъектісінің ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтердің жоспарланып отырған көлемдеріне өтінімін (бұдан әрі – өтінім) қарады:

р/с №	БСН/ЖСН	Денсаулық сақтау субъектісінің атауы
1	2	3

2. Өтінім (-дер) қаралды және Сатып алу қағидаларының талаптарына сәйкес келмейтін мынадай құжаттарды қамтиды:

р/с №	БСН/ЖСН	Денсаулық сақтау субъектісінің атауы	Құжаттың атауы	Сәйкессіздіктің себебі
1	2	3	4	5

3. Комиссия өтінімді қарау нәтижелері бойынша ашық дауыс беру арқылы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

	БСН/ЖСН	Денсаулық	Осы шешімге дауыс берді:		ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтер көлемін орналастыру рәсіміне рұқсат беру үшін қойылатын
			Қарсы емес, дауыстар	Қарсы, дауыстар	

р/с №		сақтау субъектісінің атауы			талаптарға сәйкес келеді (сәйкес келмейді)
			сәйкес келді деп дауыс берген дауыстар саны	сәйкес келмеді деп дауыс берген дауыстар саны	

Комиссия мүшелері мен комиссия хатшысының денсаулық сақтау субъектілерінің тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтерді орналастыру рәсіміне рұқсат беру үшін қойылатын талаптарға сәйкестігі (сәйкес келмеуі) хаттамасына қол қоюы туралы ақпарат:

Комиссия мүшесінің, комиссия хатшысының Т. А. Ә.	Жұмыс орны	Комиссия мүшесінің лауазымы	Қолы	Қол қойылған күні
1	2	3	4	5
			Қол қойылды / қатысқан жоқ	

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілерінен қызметтерді сатып алу қағидаларына
7-қосымша

Нысан

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемдерін орналастырудың (орналастырмау) қорытындысы туралы хаттама №

_____ жылғы "___" _____ (орналасқан жері)	_____
---	-------

1. Мынадай құрамдағы денсаулық сақтау субъектілерін таңдау және олардың арасында көрсетілетін қызметтердің көлемдерін орналастыру жөніндегі комиссия (бұдан әрі – комиссия):

_____ (комиссия төрағасы мен басқа мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және лауазымы)

_____ медициналық қызметтердің мәлімделген көлемі мен сомасын қарады:

_____ (керектісінің асты сызылсын: тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде)

_____ тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде (бұдан әрі – МӘМС) медициналық көмек көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің дерекқорына енгізілген денсаулық сақтау субъектілері медициналық көмек көрсетудің түрлері/шарттары бойынша ұсынған:

2. ТМККК шеңберінде бөлуге арналған сома _____ (_____) теңге. * (сомасы сандармен және жазбаша) МӘМС жүйесіндегі бөлуге арналған сома _____ теңге.* (сомасы сандармен және жазбаша)

3. Комиссия ашық дауыс беру арқылы ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1) ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге арналған көлемдер мен сомаларды медициналық көмек көрсетудің мынадай медициналық көмектің түрі (-лері)/медициналық көмектің көрсететін жағдайлары бойынша орналастырылсын:

_____ ,

р/с №	БСН/ЖСН	Денсаулық сақтау субъектісінің атауы	Денсаулық сақтау субъектісінің заңды мекенжайы	Қызмет көрсету орны (астананы, облысты, республикалық маңызы бар қаланы көрсету)	Сомма (теңге)	Медициналық қызметтер түрлері
1	2	3	4	5	6	7

2) _____

(Қор филиалының немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атауы)

ТМККК шеңберінде немесе МӘМС жүйесінде медициналық қызметтерді сатып алу шарттарын және (немесе) медициналық қызметтерді сатып алу шарттарына қосымша келісімдерді _____ жылғы " __ " _____ бастап _____ жылғы " __ " _____ дейін мерзімде

шеңберінде және (немесе)
міндетті әлеуметтік медициналық
сақтандыру жүйесінде медициналық
көмек көрсету бойынша денсаулық
сақтау субъектілерінен қызметтерді
сатып алу қағидаларына
4-1-қосымша

Нысан

Мәлімделетін медициналық көмек түрлерін көрсету жоспарланатын өндірістік базалардың тізбесі

№ п/п	ӘАОЖ (Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші) бойынша орналасқан жерінің коды	Өндірістік базаның (-лардың) орналасқан мекенжайы
1	2	3

Тегін медициналық көмектің
кепілдік берілген көлемі
шеңберінде және (немесе)
міндетті әлеуметтік медициналық
сақтандыру жүйесінде медициналық
көмек көрсету бойынша денсаулық
сақтау субъектілерінен қызметтерді
сатып алу қағидаларына
5-1-қосымша

Нысан

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектісіне бару нәтижелері бойынша қорытынды * (қажетсізді жою)

_____ (орналасқан жері)	_____ жылғы "___" _____
-------------------------	-------------------------

1. Мынадай құрамда денсаулық сақтау субъектілерін таңдау және көрсетілетін қызметтердің көлемдерін орналастыру жөніндегі комиссиялар (бұдан әрі – комиссия):

_____ (денсаулық сақтау субъектісіне келген комиссия мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және лауазымы)

тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтердің жоспарланатын көлемдеріне өтінімді (бұдан әрі – жоспарланатын көлемдерге өтінім) қарау шеңберінде көмек көрсетуге көрсетілетін қызметтер көлемін орналастыру үшін денсаулық сақтау субъектілерін таңдау рәсімін жүргізу кезінде

(жоспарланатын көлемдерге өтінімге сәйкес көрсетілетін қызметтердің түрлері/ нысандары немесе шарттары (лот) көрсетіледі)

_____ хабарландыру бойынша
(хабарландырудың нөмірі көрсетіледі)

_____ мекенжайы бойынша (өндірістік базаның (-лардың)
мекенжайы көрсетіледі)

_____ өндірістік базаға (-ларға) барды. (денсаулық сақтау
субъектінің атауы көрсетіледі)

Комиссияның беру нәтижелері бойынша ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

p/c №	БСН/ ЖСН	Денсаулық сақтау субъектісінің атауы	Осы шешімге дауыс берді:		Шешім			
			Қарсы емес, дауыс	Қарсы, дауыс				
1	2	3	4	5	6			
Комиссия мүшесінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)					Жұмыс орны	Комиссия мүшесінің лауазымы	Қолы	Қол қойылған күні
1					2	3	4	5

Ескертпе:

* Комиссия жоспарланған көлемдерге арналған өтінімде көрсетілген деректерге сәйкес өндірістік базалардың, медицина қызметкерлері мен медициналық техниканың болуын тексереді.

Тегін медициналық көмектің
кепілдік берілген көлемі
шеңберінде және (немесе)
міндетті әлеуметтік медициналық
сақтандыру жүйесінде медициналық
көмек көрсету бойынша денсаулық

Нысан

Қабылданбаған өтінімдерге және (немесе) оларға қоса берілетін құжаттарға ұсынылған толықтырулар бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмекті көрсету бойынша көрсетілетін қызметтерді орналастыру рәсіміне рұқсат беру үшін қойылатын талаптарға денсаулық сақтау субъектілердің сәйкестігі (сәйкес келмеуі) хаттамасы № _____

_____ (орналасқан жері)	_____ жылғы _____ " ____ " _____
-------------------------	----------------------------------

1. Мынадай құрамдағы денсаулық сақтау субъектілерін таңдау және көрсетілетін қызметтердің көлемдерін орналастыру жөніндегі комиссиялар (бұдан әрі – комиссия):

(комиссия төрағасының және басқа мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және лауазымы)

мына денсаулық сақтау субъектісінің (-лердің) ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтердің жоспарланып отырған көлемдеріне арналған өтінімге (-дерге) (бұдан әрі – өтінім) толықтыруларды қарады:

р/с №	БСН/ЖСН	Денсаулық сақтау субъектісінің атауы
1	2	3

2. Өтінім (-дер) қаралды және Сатып алу қағидаларының талаптарына сәйкес келмейтін мынадай құжаттарды қамтиды:

р/с №	БСН/ЖСН	Денсаулық сақтау субъектісінің атауы	Құжаттың атауы	Сәйкессіздіктің себебі
1	2	3	4	5

3. Комиссия өтінімді (-дерді) қарау нәтижелері бойынша ашық дауыс беру арқылы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

	БСН/ЖСН	Денсаулық	Осы шешімге дауыс берді:		ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық қызметтер көлемін орналастыру рәсіміне рұқсат беру үшін қойылатын
			Қарсы емес, дауыстар	Қарсы, дауыстар	

р/с№	Халық а қызмет көрсетілетін өңір	сатып алу жоспарына сәйкес медициналық көмектің түрі, қызметтері, медициналық көмекті көрсету жағдайлары	БСН (ЖСН)	Қызметтер берушінің атауы	Заңды мекен жайы	Өндірістік базасының орналасқан жерінің мекенжайы*	Басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Байланыс деректері (телефон нөмірі, электрондық мекенжайы)	Меншік нысаны	ТМҚК	МӘМС
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

Ескертпе:

* медициналық қызметке арналған лицензияға қосымшаға сәйкес өндірістік базалардың (базаның) мекенжайы (мекенжайлары) көрсетіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ